



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ағымдағы жылғы 7 қазандағы №352 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі құрылып, Бейбіт Бәкірұлы Атамқұлов министр болып тағайындалды. Ол бұған дейін Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметін атқарған болатын. Мемлекет басшысының Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің қызметіне Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев тағайындалды.



Тәуелсіздік жылдары ел экономикасы қарқынды дамып, халықтың әл-ауқаты айтарлықтай артты. Атап айтқанда, 1993 жылы небәрі 23773,0 миллион теңге болған өнеркәсіп өндірісінің көлемі өткен жылы 14634477,0 миллион теңгеге жетті. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасының фармацевтика саласы қарқынды дамып, соңғы он жылда үш есе артты. Бүгінде оның көлемі 1,8 миллиард АҚШ долларына жеткен.

Облыс әкімінің жұмыс сапары

Ағымдағы жылы Целиноград ауданының Қоянды ауылында 60-тан астам шағын және орта бизнес субъектілері ашылды. Бұл туралы аймақ басшысы Сергей Кулагиннің өңірге сапары барысында айтылды. Істің жағдайымен жете танысқан өңір басшысы аудан тұрғындарының бұл талабына ризашылығын білдіріп, мемлекет тарапынан келешекте де жан-жақты қолдау көрсетілетіндігін айтты.

Қояндыда кәсіпкерлік дамыған

Бүгінгі таңда Қоянды ауылында 24 мың адам тұратын болса, оның 70 пайыздан астамы оралмандар. Осы күні елімізде өз кәсібін ашып, дамытамын деушілерге мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Мәселен, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша бір ғана осы ауылда 2011 жылдан бері 50-ден аса жоба мақұлданды. Ауылда 1600 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тіркелуі осының айқын дәлелі. Солардың бірі – Райымхан Ботанның отбасы. «Біз отбасымызбен пеш жасаймыз. Бір пештің бағасы 250 мың теңге көлемінде. Алдағы уақытта жұмыс ауқымын ұлғайта түсеміз», – дейді Райым-

хан. Өткен жылдар ішінде шеттен атамекенге оралған қандастарымызбен кездесу барысында облыс басшысы көші-қон мәселесі Үкімет назарында екенін айта келе, Қоянды ауылында ауыз су мәселесін шешу үшін тезірек жобалық-сметалық құжаттама дайындау қажеттігін алға тартты. Сондай-ақ, күн тәртібінде тұрған жол, электр жарығымен қамтамасыз ету тәрізді түйткілді мәселелердің де алдағы уақытта шешілетіндігін жеткізді. Өз кезегінде тұрғындар атынан сөз алған Гүлісхан Домалайқызы Астананың іргесіндегі елді мекендерде заңсыз жер иеленуді тоқтатып, осы мәселені тәртіпке келтіргені үшін облыс әкіміне алғысын білдірді.



Ақмола облысының әкімі Сергей Кулагин 3-4 қазанда Астанада өткен өңіраралық ынтымақтастығының XIII форумы аясында Мәскеу қаласындағы «ЕПК» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы А.Москаленкомен Степногорск қаласында индустриалды подшипник шығаратын бірлескен жобаны жүзеге асыру жөніндегі өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойған болатын. Елу миллион доллар көлемінде бөлінетін инвестицияға аталған кәсіпорынның материалдық-техникалық базасы жаңартылып, өнім көлемі ұлғайтылатын болады.

15 қазан – жалпықалалық сенбілік

Үстіміздегі жылғы 13 қазанда жалпықалалық таза бейсенбілік және 15 қазанда Көкшетау қаласын абаттандыру және санитарлық тазалық жөнінде сенбілік өтеді. Аталған шараны жоғары деңгейде ұйымшылдықпен өткізу үшін әрбір қала тұрғынын, еңбек ұжымдарын осы іске белсене атсалысуға шақырамыз.

Қала тұрғындарын, меншіктің барлық түріне жататын кәсіпорындар мен ұйымдар және мекемелердің ұжымдарын, студенттер мен оқушыларды, бір сөзбен айтқанда, туған шаһарды жанындай сүйетін патриот жандарды жоғарыда аталған іс-шараларға, яғни

13 қазанда өтетін жалпықалалық тазалық бейсенбілігі мен 15 қазандағы қаланы абаттандыру және санитарлық тазалық жөніндегі сенбілікке белсене қатысып, оны жоғары деңгейде өткізуге шақырамыз. Бұл күндері қаламыздың әр тұрғыны өзі тұратын үйлердің,

аулалар мен жұмыс істейтін мекемелердің маңын, тротуарларды тәртіпке келтіріп, ағаштарды, бордюрлерді әктеуде үлгі-өнеге көрсетеді деген үміттеміз. Сүйікті қаламызды бірлесіп тазартайық! Таза қала әрқашан көркем де тартымды.



Жиналған көң-қоқыстарды сыртқа тасымалдау үшін транспорт қажет болса мына телефондар арқылы байланыс жасаңыздар: 76-38-44, 25-64-17, 25-11-13, 25-11-48.



Көкшетау қаласының мектептерінде 2016 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйек аралығында «Бақытты балалық шақ аймағы» ұранымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілген болатын. Акцияның мақсаты – оқу жылының басынан әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін аз қамтылған, көпбалалы отбасылар санынан шыққан білім алушыларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға материалдық және өзге де көмектер көрсету.

1295 оқушы 8465900 теңге көмек алды

Қалалық акция шеңберінде осы жолы аз қамтылған отбасылардан шыққан 1295 оқушыға жалпы сомасы 8 465 900 мың теңге көмек жасалды. Оның ішінде демеушілік көмек есебінен 428 бірінші сынып оқушыларын мектепке дайындауға жалпы сомасы 6 529 000 мың теңге жәрдем көрсетілді. Жыл сайын аталған іс-шараға облыстық және қалалық мәслихаттардың депутаттарымен бірге «Нұр Отан» партиясының жергілікті филиалдарының, Көкшетау минералды сулары, «Алтынтау Көкшетау» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен «Сербанк», «Халық банк», «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамдарының өкілдері қатысады. Сондай-ақ, жалпы оқыту қорынан әлеуметтік осал топтардан шыққан 867 бала жалпы сомасы 1 937 000 мың теңге материалдық көмек алды. Акция аясында 20 тамызда мектеп жәрмең-

кесі өткізілді. Мектепке қажетті жазу, кеңсе тауарларын, оқу әдебиетін, тігін, трикотаж және былғары-аяқ киім тауарларын өндіретін және сатуды жүзеге асыратын жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары, көтерме және бөлшек сауда орындары осы акцияға белсене тартылды. Сонымен қатар, акция шеңберінде рейдтік іс-шаралар өткізілді. Көмекке мұқтаж балаларды анықтау мақсатында мөлтек аудандар, саяжайлар, фермер шаруашылықтары, базарлар, тұрмысы төмен отбасылар, үйлердің жергілікті, компьютерлік салондар, ойын-сауық орындары, вокзалдар, автомобильді жуу орындары, автомобильге май құю станциялары тексерілді. Бұл рейдтік іс-шараларды өткізуде білім беру, әлеуметтік қорғау ұйымдарының өкілдері, ішкі істер басқармаларының қызметкерлері, ата-аналар қоғамдастығы жұмылдырылды.

Бүгінгі нөмірге:

Әкім жүлдесі үшін

Зейнеткер қариялар арасында шахмат пен дойбыдан қала әкімінің жүлдесі үшін чемпионат өткізілді.

3 бет

Әр отбасына – газет-журнал

«Астана поштамт» филиалы Көкшетау қаласында баспасөзге жазылушылар үшін ашық есік күнін өткізді.

4 бет

Баспасөз-2017



газетіне жазылыңыздар!

Құрметті оқырмандар! Қалалық «Көкшетау» газетіне 2017 жылға жазылу басталды. Осыған орай газеттің тағайындалған жазылу бағасын ұсынамыз: бір жылға – 3200 теңге, алты айға – 1600 теңге. Индексі 65433. Зейнеткерлерге жылдық жеңілдік бағасы – 2500 теңге, жазылу индексі 55433. Газетке қалалық байланыс бөлімшесі арқылы жазылуға болады. Газет-журналдар сататын дүңгіршектердің уақытша жабылуына байланысты аптасына екі рет: сейсенбі, бейсенбіде шығатын «Көкшетау», «Степной маяк» газеттерін сіздер ірі сауда орындарынан және редакцияның өзіне келіп сатып ала аласыздар.

Біздің мекенжайымыз: Көкшетау қаласы, Абай көшесі 112, №105-304 кабинеттер. Байланыс телефондары: 25-58-74, 25-27-19.



Депутат өз округінде

Облыстық мәслихаттың хатшысы Дулат Нұрмолдин 5 қазанда Бурабай поселкесінде азаматтарды қабылдады. Депутат қабылдауына келген тұрғындар өздерін және жұртшылықты толғандырып отырған әлеуметтік өзекті мәселелер төңірегінде әңгіме қозғады.

Назардан тыс қалмайды

Поселке тұрғыны Салтанат Көшкімбаева жаңа бу қазандығының тұрақты жұмыс істеуіне назар аударса, Маржан Абдрахманова коммуналдық қызмет төлемдерін жасайтын қосымша терминал ашу қажеттігін айтты. Үш жасар сәбидің анасы Гүлмира Шігітаева жаңа балабақша салу керектігі жайлы өтініш білдірді. Бастауыш сынып мұғалімі Юлия Сафонова мен 7 сынып оқушысы Никита Шлейнингер мектеп маңындағы жол қауіпсіздігі шарасына назар аударды. Айтқан сөздері дәлелді болу үшін мектеп территориясының макетін бірге ала келіпті. Ондағы айтар өтініші – балалар өтетін жерге «жол белгісін» қою. Жалпы алғанда, С.Сейфуллин орта мектебінің оқушылары қазір екі ауысымда оқиды екен. Сол себепті мектеп директоры Эльвира Шлейнингер қосымша ғимарат салуды ұсынды. Дулат Нұрмолдин өзімен бірге болған облыстық мәслихат аппаратының қызметкерлеріне қабылдауда қозғалған барлық мәселені қатаң бақылауға алып, оның оңтайлы шешім табуына көмектесетіндігін айтты.



Облыстық мәслихаттың хатшысы Дулат Нұрмолдин Бурабай ауданына жасаған сапар барысында «Щучье қаласындағы қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекеме» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде болды.

Сонау тоқсаныншы жылдың басында асыраушысынан айырылған қариялар мен мүгедектерді қамқорлыққа алу мақсатында жер-жерде медициналық-әлеуметтік мекемелер ашыла басталды. Қаржы жетіспей қиындыққа душар болса да бұл мейірімділік үйлері жабылмай, жылдан-жылға материалдық жағдайын жақсартып, жұмыс барысында озық инновациялық жаңалықтарды енгізуде. Мәселен, Щучье қаласындағы қамқорлық үйінде 103 адам тұрып жатыр. Мәслихат хатшысы Дулат Нұрмолдин және онымен бірге келген аудандық мәслихат хатшысы Өтелбай Бейсенов пен облыстық мәслихат депутаты Талғат Жалмағамбетов қариялардың тұрмыс жағдайымен танысты. Мекеме жетекшісі Шолпан Ташкеева меймандарға атқарылып жатқан жұмыстармен бірге әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, мәдени шаралар жайлы әңгімелеп берді. Кездесу соңында Дулат Нұрахметұлы мекеме ұжымына дұшпен шомылатын кабина сатып алу үшін сыйлық сертификатын тапсырды.

«Қысқы Универсиада-2017» сайысы Алматы қаласында келер жылғы 29 қаңтар мен 8 ақпан аралығында өтеді. Әлемдік бұл додаға 55 елден 2000 спортшы қатысып, спорттың он екі түрі бойынша бақ сынасақ. «Ақмола медиа» орталығында өткен брифингте шаңғыдан облыстың аға жаттықтырушысы Николай Александров пен биатлоннағажаттықтырушы Геннадий Макаров біздің спортшыларымыздың алдағы жауапты сайыстарға дайындығы жайлы әңгімеледі.

Алтыннан үміттіміз

Біздің спортшыларды алда 3 жауапты сайыс күтіп тұр. Бұл – Алматыда болатын «Қысқы Универсиада», Жапонияда өтетін 8-ші Азия ойындары және әлем чемпионаты. Қазақстандық спортшылар бұл жарыстардың бәріне қатысады. Ендеше, оған тыңғылықты дайындалып, жеңіс тұғырынан көріну – басты мақсатымыз. Жетістіктерге келер болсақ, ақмоалық биатлоншы Алина Райкова өткен универсиадада алтын медальға қол жеткізген еді. Аралас эстафетада осы спортшымыз екінші орыннан көрінді. Биатлоншы Анна Кистанова құрама команда сапында өнер көрсетті. Геннадий Макаровтың айтуынша, «Қысқы Универсиада-2017» сайысында Алина Райкованың тағы жеңіске жетеріне үміт зор. Өйткені, спортшылардың дайындығы өте жақсы. Ал, шаңғышы Олжас Климин болса, бұдан бұрын халықаралық жарыстарға қатысып, әлем чемпионатында тәжірибе жинақтаған. Алматыдағы трасса оған әбден таныс, қыр-сырын жақсы біледі. ГАСЫЛБЕКҚЫЗЫ.

Көкшетаудағы «Алтын гасыр» сауда үйінің алаңында дәстүрлі ауылшаруашылығы жәрмеңкесі өткен сенбіде тағы да жалғасын тапты. Бұл жолы қала жұртшылығына Ақкөл, Атбасар, Бұланды, Еңбекшілдер аудандары мен Көкшетау қаласының ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілері өз өнімдерін ұсынды. Сауда сөрелерін аралап көрген облыс әкімінің бірінші орынбасары Қадырхан Отаров пен Көкшетау қаласының әкімі Ермек Маржықпаев өнім бағасына назар аударып, тұтынушылармен әңгімелесті. Өз тарапынан қала тұрғындары жәрмеңкені қайта өткізуді жандандырганы үшін алғыстарын білдірді.



Күзгі жәрмеңкенің тұрғындарға көмегі көп

Жиын-терім аяқталып, қарбалас жұмыстан босаған шаруалардың ала жаздайғы еңбегінің нәтижесін шығарып, өнімдерін өткізетін күзгі жәрмеңкені асыға күтетіні де рас. Мұнда сатушы да, алушы да пайдада қалады. Бір жағы өнімдерін өткізсе, екінші жағы қысқа қажетті азық-түлік қорын жасап, малына қажетті жем-шөбін дайындап алады. Бұл күні облыстың ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілері жәрмеңкеге ауылшаруашылық өнімдерінің 60 түрін жеткізіп, тұтынушыларға нарық бағасынан төменгі бағада ұсынды. Атап айтқанда, ет өнімдерінің 60,5 тоннасы, балықтың 7,7 тоннасы, жұмыртқаның – 302 мың данасы, көкөністің 132,2 тоннасы, сүт және сүт өнімдерінің 16,3 тоннасы, картоптың 100 тоннасы, жарма өнімдерінің 12 тоннасы, қант – 5 тонна, өсімдік майының 16,5 литрі саудаланды. Жәрмеңкеде жалпы құны 115 миллион теңгенің

өнімі сатылды. Қала тұрғындарының жергілікті өнімдерге ерекше сұранысы байқалды. Оның ішінде картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат секілді өнімдер көптеп өтіп жатты. Алайда, жәрмеңкедегі ең өтімдісі ет өнімдері екені рас. Сондай-ақ, ауылдықтар жеткізген оның бағасы да қымбат емес. Айталық, жәрмеңкедегі орташа баға жылқы етіне 1100 теңгеден, қой еті 950 теңгеден, сиыр еті 900 теңгеден айналды. Көкөністің, ет өнімдерінің, нан-бөлке бұйымдарының бағалары да базарлардағыға және сауда орындарына қарағанда 15-20 пайызға төмен болды. Жалпы, осы жолы да кең ауқымда және ұйымшылдықпен өткен жәрмеңке тұрғындардың көңілінен шығып, азық-түлік қорларын толықтыра түсті. Арнайы ұйымдастырылған концерттік бағдарлама да келушілерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Әсем ҰЛАНҚЫЗЫ.

1 қазан — 31 қазан Егде адамдар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау айлығы

Науан Хазірет атындағы Көкшетау орталық мешітінде «Қарттарым – асыл қазынам!» атты тақырыпта арнайы кеш өтіп, абыз ақсақалдар мен ақ жасаулықты аналарға арналып қайырымдылық асы берілді. Тағылымды бұл шара алдыңғы толқын өкілдеріне құрмет көрсетуге арналды. Жиынды жүргізген белгілі айтшы ақын Арман Бердалин кешті Алланың кәлем сөздерімен ашу үшін Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Ақмола облысындағы өкілі, Науан Хазірет мешітінің бас имамы Қанат Қыдырминге микрофон ұсынды.



Имандылық иірімдері

Мешітте қарияларға дастархан жайды

Бас имам өзінің әуезді үнімен Құран аяттарын әсерлі оқып берді. Одан әрі өзінің абзал жандарға деген ыстық тілегін арнады. Күмбезі күнмен шағылысқан еңселі мешіттің есігін айқара ашқанына жақында ғана бір жыл толғанын айта келіп, Алланың үйін салуға үлес қосқан жандарға ақ алғысын жеткізді. Алғашқы болып сөз алған еңбек ардагері, ақын Айдос Әбутәліпов мешітте өткен кештің тағылымын айтып, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдің де еңесі биік болатынын атап өтті. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғосман Төлегұл қарттарын сыйлаған ел қашанда асқақ армандарға қол созатынын өзінің тілек сөзіне арқау етті. Имандылық орыны – мешіттің осындай қайырымдылық шараға ұйытқы болып отырғанын жақсылыққа балады. Себебі, біз үлкенін сыйлаған жұртпыз. Абыз ата-әжелерімізді шынайы ықыласпен құрметтесек, жас ұрпағымыз да оларға қарап бойларын түзейді. Дастархан мәзірі басында емен-жарқын әңгіме қозғалып, әркім өзінің ақ жүректен ақтарылған тілектерін айтып, ақжарма ойларын ортаға

салып жатты. Бірі ұрпақ тәрбиесінің тағылымын әңгіме өзегіне айналдырса, енді біреулері асыл дініміздің имани тәрбие берудегі маңызды сипатын да айшықты етіп айтып берді. Осылай жарасымды кеш ақындардың жатқа оқыған жырларына ұласты. Жиналғандар алдында елге танылып қалған жас ақын Мergen Токсанбай жырын оқыса, Арман Бердалин ғибратты әңгімелерімен жұртты тәнті етті. Осы шараға арнап дайындалған бейнекөрсетілімде Алланың үйін салудағы әсерлі көріністер баян етілді. Алғашқы қазығын қаққаннан бастап, салынып біткенге дейінгі кезеңде ауысқан облыстың бес әкімі тұсындағы атқарылған игі істер де шынайы баяндалады. Енді міне, сол мешіт бүгінде имани және рухани орталыққа айналып, ел мүддесіне қызмет жасап жатыр. Кезінде елге адал еңбек еткен қарттарымыздың басын қосып, қайырымдылық дастарханын жайып, ақ тілектердің ортаға салынуы да жақсылық іспеттес көрінеді. Себебі, мешіт – үлкеннің де, кішінің де иманын ұйытатын қастерлі орын. Бұл кештің де тағылымы осында болса керек.

Бақыт СМАҒҰЛ.

◆ «Шаңырақ» әлеуметтік-психологиялық және зерттеу орталығы» қоғамдық қоры ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы құрметіне «Тәуелсіз елдің жастарымыз» велошеруін өткізді. Көк байрағымызды желбіреткен спортшыларымыз қала көшелерімен шеру жасап шықты.



◆ Көкшетау қалалық жастар ресурстық орталығы «Шаңырақ» қоғамдық қорымен бірлесіп, «Қоғам және отбасы» пікірталасу алаңын өткізді. Оған 8-12 жастағы балаларымен жеті отбасы қатысты. Бұл шараны өткізудегі мақсат – әке мерейін өсіріп, атананың жауапкершілігін арттыру.



Көкшетау қалалық соғыс және еңбек ардагерлерінің шахмат-дойбы клубында зейнеткер қариялар арасында Егде адамдарды әлеуметтік қолдау айлығы және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған қала



әкімінің жүлдесі үшін чемпионат өткізілді. Шахмат-дойбы бәсекесінің жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Алтынай Әміренова қатысып, құттықтау сөз сөйледі, сыйлық тапсырды.

Спортты өмірлеріне серік еткен

Швейцар жүйесімен шахматтан өткізілген бәсеке барысында бас жүлдені спорт шеберлігіне кандидат Тельман Мұқышев жеңіп алды. Ол жасының 80-ге тақап қалғандығына қарамастан барлық қарсыластарын айқын басымдылықпен ұтты. Ал, екінші және үшінші орындарды спорт шеберлігіне кандидаттар Сәкен Тәңірқұлов пен Серік Құрманғожин өзара бөлісті. Дойбыдан

өткен сайыста спорт шеберлігіне кандидат Иван Полинкевич мүмкін болған 9 ұпайдың 8-ін еншілеп, жеңімпаз атанды. Одан кейінгі екінші-үшінші орындарға спорт шеберлігіне кандидат Виктор Тонких пен I-разрядты дойбышы, байырғы журналист Сайлау Көшкенұлы ие болды. Жүлделі орындарды иеленген ардагер спортшыларға қала әкімінің және қалалық дене тәрбиесі және

спорт бөлімінің атынан грамоталар мен медальдар, сондай-ақ, ақшалай сыйлықтар тапсырылды. Турнир соңында жарысқа қатысушыларды облыстық және қалалық ардагерлер кеңесінің төрағалары Ғосман Төлегұл мен Шияп Әлиев құттықтап, сөз сөйледі. Ардагер спортшылар құрметіне әсем әндр шырылып, би биленді.

Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ,
жарысқа қатысушы.

Қалалық мәслихатта

Көкшетау қалалық мәслихатының депутаты Жұмабай Әміржановтың төрағалығымен бюджет және қаржы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы болды. Оның жұмысына Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Шамрат Сәдуақасов, қалалық мәслихаттың хатшысы Бауыржан Ғайса қатысты.

Бюджет кірісі салықтан құралады

Күн тәртібіндегі мәселе – салықтық әкімшілік шаралары және бюджеттік кірісті көбейту туралы Көкшетау қалалық мемлекеттік кірістер басқармасы жетекшісінің орынбасары Әсем Болатова баяндады. Оның мәлімдеуінше, қалалық бюджет болжамы бойынша жоспар 59,1 миллион теңгені немесе 100,5 пайызды құрап отыр. 2016 жылдың 9 айы ішінде Көкшетау қаласы бойынша салық төлеушілер қызметіне жүргізілген сараптама мен мониторинг қорытындысы бойынша 247,7 миллион теңге сомасына қосымша резерв анықталды. Оның 130,5 миллион теңгесі бюджетке түскен. Жергілікті бюджетке түскен салық әлеуметтік, жеке табыс және мүлік салығынан болып отыр. Салық базасының тұрақтылығын қамтамасыз ету оңайға соқпайды. Сондықтан

салық базасының тұрақтылығын арттыру үшін қолда бар резервтерді пайдалану қажеттігі атап өтілді. Жыл басынан бері мемлекеттік кірістер басқармасының қызметкерлері тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Жергілікті атқарушы органдардың ең негізгі міндеттері – салық базасын кеңейту, тұрақты жұмыс орындарын ашу және әлеуметтік саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз ету екенін жеткізген баяндамашы салық базасын кеңейту өте маңызды және өзекті мәселе екеніне назар аударды. Сондай-ақ, ол кейбір компаниялардың жұмысшыларын есептен жасыру немесе жер салығын төлемей, кәсіппен айналысатын адамдарды тіркеуге алмау секілді салық түсімдерін кемітіп отырған мысалдарды келтіріп өтті. Елімізде жеке кәсіпкерлікті дамы-

туға жан-жақты жағдай жасалып отыр. Алайда, салық органдарының ауқымды жұмысына қарамастан, бүгінгі күні түрлі бақылаушы органдар жұмысында нақты өзара байланыс жоқ. Мәселені күрделендіріп отырған жағдай – жеке кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығының төмен болуы немесе оңай пайдаға ұмтылуы. Шағын және орта бизнеске кедергі келтірмес үшін кәсіпкерлер тарапынан мемлекет алдындағы жауапкершілікті дұрыс түсінген жөн. Мәжілісті қорытындылаған депутат Ж.Әміржанов қаланың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту қазынаға түскен қаржыға тікелей байланысты екендігіне ерекше назар аударды. Сондықтан салық мәдениетін көтеруге бірдей атсалысуымыз керек.

Әсем ЖҮНІС.



Ұсынымдар қабылданды




Мектепалды даярлық бағдарламасының мазмұнын жаңарту және мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерістеріне инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу бойынша негізгі міндеттерді жүзеге асыру мақсатында 29 қыркүйекте Шұңғыл қаласындағы №2 орта мектеп базасында «Республиканың 30 пилоттық мектептер аясында мектепалды даярлықтың үлгілік бағдарламасын енгізу бойынша апробациядан өту жолдары» республикалық дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел жұмысына Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім департаментінің, «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының өкілдері, облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларының мамандары, республикадағы пилоттық мектептердегі сынақ алаңдарының мектепалды даярлық сынып педагогтары мен мектепке дейінгі ұйым меңгерушілері қатысты. Жиында мектепалды дайындық бағдарламасының мазмұнын жаңарту және оқу-әдістемелік кешендерді білім беру үдерісіне қолдану мәселелері талқыланды.

Ғұмыр-ғайып

2016 жылғы 7 қазанда сексен жасқа қараған шағында Көкшенің аяулы бір перзенті, асыл жар, ардақты әке Қажыбай Қабыл-Фазыл өмірден озды. Бұл ауыр қаза, асыл ағаның әріптестері – журналистер қауымының да қабырғасын қайыстырып кетті. Қимас көңілмен артында қалған сүйікті жан жары Биғайша Қазықбайқызына, ұрпақтарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Бір мектептің түлегі едік...

Көкшетау облысының түкпір-түкпірінен келген қазақтың кара домалақ ұл-қыздары №3 қазақ орта мектебінде оқыдық. Біріміз пансионда, біріміз пәтерде тұрсақ та сабақтан тыс бос уақытты да бірге өткізгендіктен, балалық балғын шақтағы достығымызда еш қылау болған жоқ. Қолымыздан келгенше бір-бірімізге көмегімізді жасап тұрдық. Қажыбай екі тілге де бірдей жетік, алғыр болды, сабақты жақсы оқыды. Қайран өмір-ай! Сол «казсрелннйды» бітіргенімізге биыл



60 жыл болды. Біраз аяулы кластас жолдастарымыз көз жұмды. Сондай қимас, сыйлас достың бірі – Қажыбай еді. Бәріміз де сексенді алқымдап отырсақ, мектепте жиі-жиі бас қосып, жастық шағымызды еске алушы едік. Әрқайсымыз жүрек қалауымен таңдаған мамандығымыз бойынша елге пайдалы еңбек етуге тырыстық. Қажекен болса КазГУ-ге түсіп журналистік мамандық алды. Облыстық «Көкшетау правдасы», Павлодардың «Қызыл ту» газеттерінің редакциясында істеді. Алпысыншы жылдары Көкшетау облыстық телевидениесінің бастауында болып, өзін кәсіби маман ретінде таныта білді. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары ол саясатпен айналысып, халқымыздың қайсар перзенттерінің бірі Сәбетқазы Ақтаев бастаған «Азат» қоғамалысының Көкше жерінде өркендеуіне үлес қоса білді. Жерлестері Қажыбай Қабыл-Фазылды шындықты бетке айтып, әділдік жолында бел шеше күрескені үшін жақсы көрді. Сыйлай білді. Тағдырдың жазған күні дәм-тұзы таусылып, фәниден бақилыққа аттанған аяулы досымыз Қажыбайдың жарқын бейнесін еске ала отырып, иман байлығын тілейміз. Артында қалған жан жары Биғайша, балалары аман болсын!

Еске алушылар: №3 қазақ орта мектебінде бірге оқыған сыныптас достары Еңбек Қабданов, Теңбай Ыбыраев, Күләш Жұрымбаева, Садық Әбжанов.

Мейірімділік жәрмеңкесі

«Ақмола облысының іскер әйелдер ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі 9 қазанда Әлиасқар Әміржановқа есту аппаратын сатып әперу үшін «Алтын Плаза» сауда үйінде мейірімділік жәрмеңкесін өткізді.

«Мебелион» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен облыстық филармония берген әшекейлі костюмдерді киген аниматорлар «Бисквит», «Восточные сладости», «Той дастархан» жауапкершілігі шектеулі серік-

тестіктері ұсынған кондитер тағамдарын лезде-ақ сатып жіберді. Одан түскен табыс мейірімділік қорына аударылды. Сауда үйіне келген басқа мейірімді жандардың көмегімен шара барысында 90240 теңге ақша жиналды.

Әсемгүл Төлегенқызы Жүкеноваға 2012 жылғы 21 маусымда «Көкше» академиясын бітіргені жөнінде берілген №ЖБ-Б №0289156 диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Көкшетау қаласының әкімдігі қазақ журналистикасының ардагері, саясаттанушы, философ **Қажыбай КАБЫЛ-ФАЗЫЛДЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғырып көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағының Ақмола облыстық ұйымы мен қалалық «Көкшетау» газеті редакциясының ұжымы журналистика ардагері, саясаттанушы **Қажыбай КАБЫЛ-ФАЗЫЛДЫҢ** қайтыс болуына байланысты асыл жары Биғайша Қажықбайқызына, ұрпақтарына, туған-туысқандарына қайғырып көңіл айтады.

Мағжан Жұмабаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының ұжымы аяулы жар, ардақты ана, әріптесіміз **Кәбира Хамзекызы ДӘРІБАЕВАНЫҢ** кенеттен қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

Премьера



Солақай саясаттың құрбанына айналып, 73 жасында ату жаза-сына кесілген қазақтың біртуар ұлы Шәкәрімнің қилы тағдыры бұған дейін еліміздегі театрларда сахналанбай келген еді. Ақ түйенің қарны жарылды. Түрлі тақырыпқа қалам тербеп, театр жанрына да тартынбай бара білген жерлесіміз Темірболат Ахметовтың осыдан 20 жыл бұрын жазған пьесасы Көкшедегі қазақ өнерінің қара шаңырағында ойналды. Қоюшы режиссері – Мұратбек Оспанов, басты рольді сомдаған Құмарбек Қалқатаев. Автордың айтуынша, мамандығы дәрігер екен. Бірақ бұл салада ұзақ уақыт қызмет жасамаған. Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінде жұмыс істеген кезде Шәкәрім Құдайбердіұлының жеке ісімен танысуға мүмкіндік алған. Жазықсыздан жазаланған жанның қилы тағдыры жайлы қалам тербеуге бекініп, осы пьесаны жазып шыққан. Бірақ кедергілерге тап болып, ақынның өз тағдырындай теперішті көп көрген. Театр өзінің 20-шы маусымын 20 жыл шаң басып жатқан пьесамен ашты. Орыс тіліндегі нұсқасы «Шакарим в твоём сердце» деп аталады. Автор осы шығармасы арқылы ақынды халқының жүрегінде қалдырғысы келгендей.

Шәкәрімнің шырғалаң тағдыры



Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдығына арналған театрландырылған қойылымның айтары мол. Оның өн бойында сұм заманның лебі есіп тұрады. Ғұламаның мейірім мен зорлық, әділет пен зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы ғаламат толғаныстары екі ғасыр шегіндегі қазақ қоғамдық ойының марқайған қалпын, биік өресін айғақтаса керек. Адамның ішкі әлемін ашуға талпыну, қуаныш, реніш, сүйініш, махаббат жайын безбендеу де бар. Бұл – бір адамға, бір ұлт өкіліне ғана емес, өмір заңын түйсінген тіршіліктің шектеулі есімін мезгілінде байыптаған кез келген адамға ортақ сыр. Тіршіліктің мұраты – осы шектеулі өмірді мағыналы, мәнді ету. Құдайдың хақтығына, пайғамбардың жолына бас иген Шәкәрімнің асыл қазынасы – алаш баласы үшін мәңгілік мұра екенін тағы бір еске салу. Басты рольдегі Құмарбек Қалқатаев ақынның шырғалаңға толы тағдырын зерделеп, өлеңдерін қайта бір қарап шығып, айтар ойын түйсініп, жүрегімен қабылдаған. Қоюшы режиссер Мұратбек Оспанов сахнаны үшке бөліп, бүгінгі заман мен Шәкәрім тұсындағы уақытқа қара шымалдық арқылы өтіп отыруды жөн көріпті. Тың шешім. Шәкәрімді қудалатып, арам пиғыл мен өшпенділік отын тұтатып, ағайын арасына іріткі салған солқылдақ, ынжық, атакқұмар



Абзал Қарасартовты біздің театрға биыл ғана келген актер Медет Хамзин асқан шеберлікпен ойнап шыққанын айта кеткен жөн. Шәкәрімді қолға түсіру операциясын ойластырған Федор Бактың роліндегі Қайрат Мырзаболатов та солақай саясаттың нағыз сойылын соғушыны айнтып салған. Қойылымдағы ақынның ұлы Зияттың өз жолдастарымен азаттыққа ұмтылысы, әкесінің оны қолдауы, елдегі дүрбелең, көшпелі қазақ халқына жасалған қиянатқа қарсы үн кату оқиғалар шиеленісімен шырмалып жатыр. Жас актерлер өздеріне жүктелген міндеттің үдесінен шыға білді. Ең бастысы, Шәкәрімді қарап, ату жазасына өз қолымен кескен Абзал Қарасартовтың ұлы тұлға алдында аласарып, ар алдында азап шегуі де режиссерлік шешімнің ұтымды тұсы. «Шәкәрім» пьесасының режиссері Темірболат Ахметовтың туған жерінде сахналануы – алдымен жаратқан иенің құдіреті, екінші аруақтың қолдауы дейді. Қазір бұл шығармаға Астана театрларынан да сұраныс түсіп жатыр екен. Қойылымды тамашалап шыққан қала тұрғыны Майраш Шалабаева одан үлкен әсер алғанын айтса, Ақан сері атындағы колледж студенті Самат Дастанов қатты толғаныс үстінде екенін жасырмады. Бұл Шәкәрімдей қазақтың қайыспас қара нарының рухы болар, бәлкім.

Баспасөз-2017

«Астана поштамт» Ақмола филиалы 7 қазанда Көкшетау қалалық пошта байланысы басқармасының ғимаратында баспасөзге жазылушылар үшін ашық есік күнін өткізді. Дәстүрлі бұл шараға жергілікті газет редакциялары қатысты. Филиал директорының орынбасары Мұрат Қазбековтың айтуынша, қазіргі таңда газет-журналдар үшін басты ең мақсат – таралымды көбейту. Ол үшін алдымен ақпарат құралдарының өтімділігіне қол жеткізу керек. Сондай-ақ, газет-журналдарды оқырмандар қолына уақытылы жеткізу де маңызды рөл атқарады. Шара барысында осы мәселелер көбірек айтылды. Орталық учаскесінде дастархан жайылып, баспасөзге жазылушылар дәм татты. Ал, «ХоумКредит банкі» филиалының қызметкерлері викториналық сұрақтар қойып, жүлдегерлерге сыйлықтар табыс етті. Қалалық «Көкшетау» және «Степной маяк» газеттерінің он ардагері Қарттарды қолдау айлығына байланысты бір жылға тегін жазылу мүмкіндігіне ие болды.



Әр отбасына – газет-журнал

Қаланың тыныс-тіршілігін жергілікті басылым бетінен оқып, хабардар болатын жанның бірі – Жібек Майрамова. Хат тасушы болып ұзақ жыл қызмет етіп, зейнетке шыққан. Оның көп жылғы еңбегі жоғары бағаланып, жергілікті басылымға тегін жазылады. Жібек апайдың айтуынша, бұдан бұрнағы жылдары бір аулада 50-ге жуық оқырман газетке жазылып, тұрақты алып тұратын. Кейінгі кезде тираждың күрт азаюының басты себебі – жазылым бағасының тым қымбат-

тауы, бөлшек сауданың дұрыс ұйымдастырылмауы. Ардагердің бұл пікіріне қосарымыз, жыл басынан бері газет-журнал сағатын киоскілердің жабылып қалуы кері әсер етіп отырғандығы шындық. Астана филиалының сату бойынша бөлімінің басшысы Айдын Қайдаровтың айтуынша, қазір интернет арқылы газетке жазылуға болады екен. Бұл жүріп-тұруы қиын қарияларға өте ыңғайлы. Тіпті, телефон арқылы хабарласып, өзінің мекен-жайын айтып, тіркетсе, төлем қар-

точкасы арқылы өтеуіне болады. Сонымен қатар пошта саласының қызметі жетілдіріліп келеді. Түрлі қаржылық операциялар пайда болған. Жеңілдіктері өте көп. Әрі қағазбастылықтан құтқарады, әрі уақытты үнемдейді. «Юнистрим», «Сәлем, теңге» қаржы аударымдарының тиімді тарифі жайлы түсінік берген пошта мамандары алдағы уақытта газет редакцияларымен қарым-қатынасты одан әрі жетілдіре түсуге уәде етті.

Гәкку АСЫЛБЕКҚЫЗЫ.

Спорт

«Оқжетпес» бесінші орында

Көкшетаудың «Оқжетпес» футбол командасы турнир кестесінде 40 ұпаймен бесінші орында тұрғанымен соңғы жауапты үш ойында жеңіліп қалды. Мұны команда құрамынан белді ойыншылардың кетуімен де байланыстыруға болатын шығар. Дегенмен де, премьер-лига ойындарын әу баста сәтті бастаған жерлестеріміздің чемпионат мәресіне жақындағанда бұлайша құлдырап сыр беруі жанкүйерлер көңіліне қаяу түсіруде. Қалған ойындарда сергектік танытып, үмітті ақтайды деген сенімдеміз. «Оқжетпес» командасы келесі кездесуін 16 қазанда Ақтөбе командасымен өткізеді.

Мектептің футбол алаңы

Елбасының биылғы Жолдауында 30 пайызға дейінгі қазақстандықтар бұқаралық спортқа тартылуы керектігі айтылған болатын. Сол себепті жас ұрпақты салауатты өмір салтына бейімдеу тұрғысында жасалып жатқан игілікті істер аз емес. Соның айғағы ағымдағы жылдың қыркүйек айында Мәлік Ғабдуллин атындағы №3 көптілде оқытатын кәсіби мектеп-гимназиясында қала әкімдігінің қолдауымен шағын футбол алаңы ашылды.



Жаңа оқу жылында мектеп-гимназияға тарту етілген футбол алаңы оқушылар үшін айрықша қуанышты жаңалық болғаны жасырын емес. Іс-шара барысында сөз алған мектеп-гимназия директоры Айнагүл Қыдырбайқызы Балташева оқушыларды салауатты өмір салтын ұстанып, бос уақыттарын тиімді пайдалануға шақырды. Сондай-ақ, оқушылар мен ұстаздардан құралған мектеп құрама командалары жолдастық кездесу өткізді. Жаңа шағын футбол алаңында ойын өрнегін көрсеткен қос команда көпшіліктің көңілінен шығып, тең ойынмен тарқасты. Еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың саулығы үшін жасалған осы бір игі іс баршаға үлгі. Алдағы уақытта осы шағын футбол алаңынан қанаттанған шәкірттер арасынан әлемдік додаларда ел намысын қорғайтын кәсіби спортшылар шығады деген сенімдеміз.

Таберхан БЕРЖАН,
денешынықтыру пәнінің мұғалімі.

Ауа райы

Интернеттен алынған хабарларға сүйенсек, Ақмола облысының орталығы – Көкшетау қаласында ауаның температурасы күндізгі уақытта сейсенбіде +3, сәрсенбіде +2, бейсенбіде +1 градус болады.

Меншік иесі:
«Көкше-Media» ЖШС

Директор

Жалғасбек
СҮЛЕЙМЕНОВ
Тел: 72-11-44

Бас редактор
Серік
ЖЕТПІСҚАЛИЕВ
Тел: 25-58-74

Жауапты хатшы
Балталы
СӨРСЕНБАЕВ
Тел: 25-27-19

Бөлім меңгерушісі
Әсем ҚҰЛЖАНОВА
Тел: 25-69-40

Шолушы
Гәкку БӘЙШЕВА
Тел: 25-69-40

Фототілші
Вячеслав ГУБАНОВ

Жарнама және газет
тарату бөлімі
Әсел ЗАЙНУЛИНА
Факс: 25-27-19

Корректор
Күлжиян
АЙТМАНОВА
Тел: 25-27-19

Бет жасаушы,
компьютерлік
қызмет жетекшісі
Асхат ШӘРІПБАЕВ

Бухгалтерия
Тел: 25-24-15

Мекенжайымыз:
020000.

Көкшетау қаласы,
Абай көшесі, 112 үй,
3 қабат.

Біздің сайтымыз:
Kokshegazet.kz
gazeta_kokshetau@mail.ru

Көлемі 1 баспа табақ.

Индексі 65433.
Таралымы 1100.

Тапсырыс 3861.
Аптасына екі рет,
сейсенбі, бейсенбі
күндері шығады.

Бағасы келісім бойынша.

Газет 2015 жылдың 10 сәуірінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, N 15191-Г куәлігі берілген.

Ақмола облысының қалалары мен аудандарына тарайды. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.

«Көкшетау» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Редакцияның тапсырысымен жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді.

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, қатталды.

«Көкше-Полиграфия» АҚ-да офсеттік тәсілмен басылған. 020000. Көкшетау қаласы, Еркін Әуелбеков атындағы көше, 98 үй. Нөмірдің кезекші редакторы: Гәкку БӘЙШЕВА.